**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ**
**Психологиялық қызмет**

# Бірінші курс студенттерінің психологиялық жағдайын, бейімделуін бақылауға арналған сауалнама нәтижесі

**2023-2024 оқу жылы**

**Атырау - 2023 жыл**

## Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің І курс студенттерінің психологиялық жағдайын, бейімделуін бақылуға арналған сауалнаманы талдау

Студенттерге сауалнама жүргізу 1 курс студенттерінің жағдайын, бейімделуін бақылаудағы маңызды мәселелердің бірі ретінде енгізілді.

Университетте оқудың алғашқы күндерінен бастап студенттер келесі қиындықтарға тап болды:
- Жаңа материалды үлкен көлемде оқып-үйренудің жоғары қарқыны, өз бетімен жұмыс істеу дағдысының жеткіліксіздігі және оқу білімін мектепте үйреніп қалғандай дайын түрде меңгеру әдеті;
- іс-әрекеттің жаңа түрлері (семинар сабақтары, курстық жұмыстар, мамандықты игеру, өндірістік практика) университетте оқу мазмұны, формалары, жүктемелері, нәтижелері бойынша әр түрлі болады;
- студенттер жаңа ұжымға – оқу тобына бейімделуі де ұзақ уақытты алады;
- оқудың алғашқы күндерінен - үлкен психикалық және психо-эмоционалды күйзеліс, демалыс, тамақтану тәртібін бұзу. Бұл көбінесе бейімделу процесінің бұзылуына және бірқатар аурулардың дамуына әкеледі.

Болашақ маманның ары қарайғы кәсіби қызметі мен жеке дамуы көп жағдайда студенттің университеттің білім беру ортасына бейімделуіне байланысты. Сондықтан жоғары оқу орнына тиімді бейімделуге білім беру процесінің барлық қатысушылары мүдделі: бірінші курс студенттерінің өздері, олармен жұмыс істейтін оқытушылар мен қызметкерлер, факультеттер мен университет басшылығы.

Зерттеу үшін әр түрлі факультеттердің 1 курс студенттеріне электронды нұсқада «Google Формасында» оқу процесінде бейімделудің маңыздылығы және оларды бір уақытта тестілеу қарастырылған.

Мақсаты - студенттердің алғашқы бейімделуінің жалпы жағдайын және жоғары қауіпті аймақтарын анықтау.

### Зерттеу барысы:

1 курс студенттеріне арнайы электронды нұсқада «Google Формасында» 15 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Атап айтар болсақ:

1. Инновациялық білім беру факультеті;
2. Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті;
3. Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті;
4. Гуманитарлық және өнер факультеті;
5. Экaномика және құқық факультеті;
6. Көптілді білім беру факультеті;

Зерттеуге барлығы **1 курстың 418 студенті** қатысты.

Сауалнамаларды психологиялық қызмет мамандары дайындады.

### Сауалнама барысы:

**Сіздің факультетіңіз?**




Сауалнамаға 45,9%-ы Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, 12%-ы Экономика және құқық факультеті, 11,5%-ы Көптілді білім беру факультеті, 11 %-ы Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, 10%-ы Инновациялық білім беру факультеті, 9,6%-ы Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультетінің студенттері жауап берген.

1. **Сіз неліктен осы университетті таңдадыңыз?**




Жауап беруші студенттердің университет таңдау себептері, 31,3 %-ы маған осы университет ұнайды, 20,6%-ы университеттің орналасқан жеріне байланысты, 18,7%-ы грант үшін, 14,1%-ы ата-анамның шешімі бойынша, 9,3%-ы білім беру жүйесіне мән бердім, 5,3%-ы достарымның пікірі бойынша таңдадым, 0,4%-ы жауап бермеген, 0,2%-ы шығармашылық таңдағаннан кейін түстім деп жауап берген.

2. **Сіз не себепті осы мамандықты таңдадыңыз?**



Сауалнамаға жауап берушілердің арасында 40%-ы өз еріктерімен, ұнатып, қызығушылықтарымен таңдаған, қалған 1%-ы ҰБТ балына байланысты, туыстарының таңдауымен мамандықты таңдаған.

3. **Сіз университеттің ішкі тәртібіне бейімделдіңіз бе? /**




Студенттердің 96,2%-ы ішкі тәртіпке бейімделген.

4. **Студенттік өмірге бейімделу?**




Жауап берушілердің 88,5%-ы студенттік өмірге бейімделу қиын болған жоқ десе, 5,6 %-ы бейімделу қиын және ұзақ өтті десе, қалған 5,7%-ы жауап беруге қиналатынын көрсеткен.

5. **Сіз ортада өзіңізді жайлы сезінесіз бе?**



6. **Топта сізді жақсы қарсы алдыма?**




7. **Сіз ұжымда кез-келген істің көшбасшысы, ұйымдастырушысы бола аласыз ба?**




Студенттердің 66,7%-ы ұжымда көшбасшы бола алады.

8. **Университетте оқу барысында жаңа студенттік достар таптыңыз ба?**




9. **Сіз адамдармен қарым-қатынас жасауда қиындықтарға тап боласыз ба?**



## 10.Сіз мазасыздықты сезінесіз бе?




## 11. Бейімделуге қиындық туғызған жағдайлар?




## 12.Сізде студенттермен араңызда жанжалдар болды ма?




## 13.1 Оқытушылармен араңызда келіспеушіліктер болды ма?



## 13.2 Топ кураторымен араңызда келіспеушіліктер болдыма?




## 14. Сіздің қызығушылықтарыңыз және хоббиіңіз?




## 15.Қазіргі таңда сізде қандай қиыншылықтар кездесуде?



**Сауалнама қорытындысы:**

Сауалнаманы қорытындылай келе сауалнамаға 418 студент қатысты. Сауалнама барысында студенттер тарапынан түскен пікірлер мен ұсыныстарды қарап алдағы уақытта баса назар аудару үшін құрылымдық бөлімшелерге жолданды. Әр студенттің жаңа ортаға бейімделуі, ол ортада қарым-қатынасқа түсе алу деңгейі бірдей емес екенін ескеру маңызды. Сондықтан, енді студент атанған білім алушылар үшін, әсіресе топтағы студенттермен қарым-қатынас жасау қиын. Осы себептерге байланысты декандар, кафедра меңгерушілері, кураторлар оқу барысында осы мәселелерді ескеру керек және психологиялық қызметте осы бағытта студенттермен кездесіп тренингтер өткізеді.

Психологиялық қызмет Исатайқызы.Б